«Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің 6D030100 – Құқықтану мамандығы докторанты Ордаева Айгүл Жұмабердиевнаның философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Сталкинг (ізге түсу): адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелері» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, PhD., қауымдастырылған профессор м.а Ернар Сайлаубекович Шалхаровтың

ПІКІРІ

Айгүл Жұмабердиевнаның диссертациялық жұмысы қазіргі таңда ең маңызды, өзекті және Ата заңда көзделген азаматтардың құқықтарын қорғау принципымен байланысты мәселелерді қамтитын инновациялық жұмыс ретінде танысақ болады.

Тақырыптың өзектілігі жоғары, себебі Қазақстан Республикасында кез келген құқықбұзушылық көбінесе физикалық әсер ету жағынан ғана сараланады. Ал кейбір құқықбұзушылықтар, олардың ішіне сталкингте кіреді латентті нысанға жақын нысанда жасалана алады. Дегенмен олардың әсері кез келген физикалық құбылыстан кем емес, кейбір жағдайларда тіптін артық десекте болады. Соның ішінде тіптін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексте белгіленген суицидке жеткізуге дейін де бара алады. Жәнеде сол құқықбұзушылыққа қарсы ешқандай норма болмағаны, қоғамда сталкинг секілді құқықбұзушылықтың динамикасы жоғарлап жатқаны тақырыптың өзектілігін ашады. Оның дәлелі ретінде сталкинг туралы қабылдайын деп жатқан заң жобасы. Қазақстанда Қылмыстық кодекске сталкингті қылмыс деп танитын жаңа норма енгізілмек. Заң жобасы жұмыс тобымен мақұлданып, келесі аптада Мәжіліс палатасының қарауына ұсынылады. Ұсынылып отырған бастаманың мақсаты — бұрын қылмыс болып саналмаған сталкинг түріндегі қудалау мен қорқытуға қарсы күрес жүргізу. Сталкинг — бұл құрбанға бағытталған үнемі жағымсыз, агрессивті қудалау. Мұндай әрекеттер көбінесе телефон шалу, хабарлама жіберу, еріксіз кездесулер ұйымдастыру және қорқыту түрінде жүзеге асады. Бұл тек моральдық қысым ғана емес, сонымен қатар қауіпсіздікке нақты қауіп төндіреді. Әлемдік тәжірибе сталкингті көптен бері зорлықтың бір түрі ретінде мойындаған, алайда Қазақстанда бұл әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілік әлі күнге дейін қарастырылмаған еді.

Зерттеу мақсаты сталкинг (ізге түсу): адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелерін кешенді зерттеулер арқылы тарихи-құқықтық, теориялық-доктриналық, тәжірибелік қырларын, сондай-ақ ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша тиімді ғылыми қорытындылар мен құқықтық сипаттағы ұсыныстар жасау. Мақсатқа жету барысында міндеттемелер сатысы пропорционалдық типте қойылып логикалық құрылымда мақсатқа жетуге ыңғайлы мүмкіндік тудыртады.

Ғылыми жаңалық ретінде мазмұна қарай қысқа ғылыми тұжырымдарды жатқызсақ болады. Олар: сталкинг негізгі 4 белгісінің көрсетілуі, сталкинг құбылысының жеке тарихи-құқықтық қырларын сталкерлік ізге түсу жеке оқиғаларының жиынтығының дәлелдеп беруі, сталкер ұғымына авторлық анықтамалық норма жобасын ұсынуы, сталкинг үш себептік-факторлары (яғни жалпы себеп-фактор, негізгі себеп-фактор және арнайы себеп-фактор) айқындалып жекеше жіктелуі. Сталкинг ұғымына авторлық анықтама норма жобасының берілуі. БҰҰ «Гендерлік зорлық-зомбылық пен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» атты халықаралық конвенцияны қабылдап негізінде нормативтік акт түзу. Ұлттық заңнама шетел заңнамасымен салыстырмалы талдау және ұлттық заңнама жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалды.

Методологиялық жағынан қарастырылатын болсақ әдеби деректер формальды структуралық күйде кросс-сілтеме құралдарын қолданыла отырып дедукция, индукция және абстракция әдістерінің қолданылуыменен белгілі бір реттілік сақтап синтез әдістері бойынша тұжырымдамалар жасалған. Жәнеде сол тұжырымдамаларды дәлелдеу мақсатында өзіндік зерттеу барысында статистикалық талдау әдістері сауалнама арқылы жоғары деңгейде жүргізілген. Сауалнама анонимдық нысанда жасалып этикалық стандарттарға сай жәнеде ешкімнің мүдделеріне қысым көрсетпейді. Практикалық кеңістікте сталкингке қатысты негізгі тұжырымдамаларды қарастыра келе ізденуші прецендентативтік анализ барысында қоғамда болған даулардыда қарастыра келіп тұжырымдамалар жасады.

Қорғауға келесі тұжырымдар ұсыныс нысанында шығарылады:

Бірінші тұжырым сталкинг құқықтық табиғаты мен ғылыми анықтамасы ретінде тарихи-құқықтық қырларын зерттеу барысында қалыптасқан, себептік-факторлар кешені болатын, нақты белгілері бар және басқада ғылымдары жүйесінде ғылыми доктриналды зерделену барысында сталкинг ол белгілі бір тұлғаның басқа тұлғаның жеке кеңістігіне активті немесе пассивты нысанда рұқсатсыз, кері әсер етіп кіру, сонымен қатар жеке кеңістігін бұзу барысында белгілі бір залал келтірген латентті заңға қайшы қоғамға қауіпті әрекет деп танысақ болады.

Екінші тұжырым ретінде сталкинг: адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғаудың халықаралық-құқықтық және ішкі мемлекеттік жүйенің құқықтық негіздері мен тәжірибелік тетіктерін талдай отырып сталкингтен қорғану механизмдері кешенді түрде құқықтық принциптерге негізделе отырып виктимология, бехейвиорализм, психология секілді ғылымдардың институттарының да элементтерінің нормативтік көрінісін ескерген дұрыс.

Үшінші тұжырым ретінде сталкинг: адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелері аясында алдын алу бойынша ұлттық заңнаманы шетелдің заңнамасымен салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізе келе ұлттық заңнаманы азаматтық, қылмыстық және әкімшілік құқық бағыттарында жетілдіріп сталкинг туралы ереже құру.

Зерттеу жұмыстарын жүргізгенде, ізденуші алдына қойған мақсаты мен міндеттерін ойдағыдай орындау үшін сталкинг (ізге түсу): адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелерін толығымен қарастырып нормативтік тұрғыда деңгей деңгеймен бөліп, қажетті әдебиетті отандық деңгейде, жақын шет ел деңгейде және алыс шет ел деңгейде бөліп қарастырып, өзіндік зерттеулерде нақты валидтықты жоғарлататын статистикалық зерттеулермен дәлелдеп толық орындады деген шешімге келуге болады.

Соған орай, Ордаева Айгуль Жумабердиевнаның «Сталкинг (ізге түсу): адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелері» тақырыбындағы ғылыми жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министірлігінің бақылау комитетінің докторлық диссертациясына қойылатын талаптарына сай орындалған, ал автор 6В030100 – Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Заң ғылымдары саласындағы философия докторы (PhD) қауымдастырылған профессор м.а. **Ернар Сайлаубекұлы Шалхаров**